

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы N 184 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 8 мамырдағы N 676 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **Қ АУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2009 жылға арналған жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы N 184 қаулысына мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2009 жылға арналған жоспарында:

реттік нөмірлері 2, 20 және 27-жолдар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 11-1 және 43-1-жолдармен толықтырылсын:

"

11-1	"Жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру туралы " Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	ЭБЖМ	Қаңтар	Ақпан	Маусым	М.Ә. Құсайынов
------	---	------	--------	-------	--------	----------------

".

,

"

43-1	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	БП (келісім бойынша), ПМ	Қыркүйек	Қазан	Желтоқсан	И.Д. Меркель
------	--	--------------------------	----------	-------	-----------	--------------

".

2. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі К. Мәсімов